Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті бойынша алаңдарды көркейту мақсатында гүл егу жұмыстарына түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы Қазалы ауданы Әйтеке би кенті болып танылады.

Жоба Әйтеке би кенті бойынша алаңдарды көркейту мақсатында гүл егу (*темір жол вокзалы жанындағы «Әйтеке би», «Рәміздер», «Жалаңтөс баһадүр» мавзолейі, «Орталық алаң», «Жеңіс саябағы», аудан әкімдігі және Қ.Пірімов көшесінде орналасқан аллеялар мен ескерткіштер, т.б.)* жұмыстары.

Осыған байланысты жоба әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізіп, сатып алынатын тауарларды, көрсетілетін қызметтерді, **орындалатын жұмыстарды** орындату қажет.

Нақты мердігерді таңдау себептері: Тапсырыс беруші мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, **орындалатын жұмыстардың**, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау үшін **абаттандыру жұмыстарына** мониторинг жүргізіп, нәтижесінде Әйтеке би кентін абаттандыру, гүлдер отырғызу жұмыстарын Түркістан қаласынан өте төмен баға ұсынысымен жеңімпаз болып, жұмыстарды сапасыз, мерзімінен кеш орындалғаны белгілі.

Осы ретте, Қазалы ауданы **Әйтеке би кенті бойынша алаңдарды көркейту мақсатында гүл егу** жұмыстарын тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен жүзеге асырылғалы отыр.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28) тармақшасына сәйкес - аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің **төрт мың еселенген** мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

Әйтеке би кенті бойынша алаңдарды көркейту мақсатында гүл егу жұмыстарын жүргізетін 3 (үш) әлеуетті өнім берушілерге коммерциялық ұсыныс жолданып, нәтижесінде төмен баға ұсынған әлеуетті өнім берушіге келісім шарт жобасы ұсынылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының (*Бұдан әрі – Бұйрық*) 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 *(үш)* әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Әйтеке би кентінің әкімі **А.Абиев**